

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

AZ1137

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
2	CD дыбыстық құрылғысы	3
	Кіріспе	3
	Қораптың құрамы	3
	Негізгі құрылғыны шолу	4
3	Жұмысты бастау	5
	Батареяларды орнату	5
	Қуатты қосу	6
4	CD дыбыстық құрылғысын пайдалану	6
	Ықшам дискіні ойнату	6
	Радио тыңдау	6
	Ойнатуды басқару	7
	Ойнату режимдерін таңдау	7
5	Басқа мүмкіндіктер	7
	Жолдарды бағдарламалау.	7
	Сыртқы құрылғыны тыңдау	8
6	Өнім туралы ақпарат	8
7	Ақаулықтарды жою	9
8	Ескерту	9

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін корпусты алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады. АБАЙЛАҢЫЗ! От немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және оның үстіне вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар қойылмауы тиіс. ЕСКЕРТУ! Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Желдету саңылауларын бітеменіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.

- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалғанда, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткен немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
 - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).

- Батареяны құрылғыда көрсетілгендей + және - белгісімен дұрыс салыңыз.
- Батареяларды күн сәулесі, от немесе т.с.с сияқты артық қызу көзіне шығармау керек.
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяны шығарыңыз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

2 CD дыбыстық құрылғысы

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

CD дыбыстық құрылғысымен мыналарды жүзеге асыруға болады:


- ықшам дискілерді, MP3/wma дискілерін ойнату;
- FM/MW(AM) радиосын тыңдау;
- тректердің ойнатылу ретін бағдарламаға енгізіңіз.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп анықтаңыз:

- Негізгі құрылғы (батареяларсыз)
- 1 x AT/TT қуат адаптері
- 1 x MP3 LINK кабелі
- Пайдаланушы нұсқаулығы

Негізгі құрылғыны шолу



① Ресурс қосқышы: CD, MW, FM, OFF.

- Ресурсты таңдау: CD, MW (AM) немесе FM.
- Құрылғыны өшіру.

② MP3 LINK

- Сыртқы құрылғыны қосуға арналған ұяшық.

③ Дисплейлі панель

- Ағымдағы күйді көрсету.

④ OPEN•CLOSE

- Диск бөлімін ашу немесе жабу үшін басу.

- ⑤ **TUNING (PETTEY)**
 - FM радио стансаларын баптаңыз.
- ⑥ **ALBUM+/-**
 - MP3 ықшам дискілері үшін: MP3 ықшам дискісіндегі келесі/алдыңғы альбомға өту.
- ⑦ **▶▶**
 - Ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру.
- ⑧ **◀◀ / ▶▶**
 - Алдыңғы/келесі жолды таңдау.
 - Артқа/алға іздеу.
- ⑨ **■**
 - Ойнатуды тоқтату.
 - Бағдарламаны өшіру.
- ⑩ **MODE**
 - Ойнату режимін таңдау: REPEAT (ҚАЙТАЛАУ) немесе SHUFFLE (АРАЛАС).
- ⑪ **PROG**
 - MP3 ықшам дискілері үшін: жолдарды бағдарламалау және бағдарламаны шолу.
- ⑫ **VOL+/-**
 - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑬ **Телескопиялық антенна**
 - FM қабылдауын реттеңіз.
- ⑭ **DC IN**
 - Қуат көзінің розеткасы.
- ⑮ **Батарея бөлімі**

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____


Батареяларды орнату



Ескертпе

- Осы құрылғының қуат көзі ретінде батареяларды да, АТ қуатын да пайдалануға болады.

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 6 x 1,5 В R14/UM2/C CELL батареяларын (жинақпен берілмейді) суретте көрсетілгендей дұрыс жағымен (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



4 CD дыбыстық құрылғысын пайдалану

Ықшам дискіні ойнату



Ескертпе

- Авторлық құқықтарды қорғау технологияларының көмегімен кодталған ықшам дискілерді ойнату мүмкін емес.

Сатылатын дыбыстық ықшам дискілерді ойнатуға болады:

- CD-Recordables (CD-R)
- CD-Rewritables (CD-RW)
- MP3 ықшам дискілері
- WMA ықшам дискілері

- 1 Көз қосқышын **CD** күйіне ауыстырыңыз.
- 2 Ықшам диск бөлімінің қақпағын басып, ашыңыз.
- 3 Ықшам дискіні жапсырма басылған жағын жоғары қаратып салыңыз, одан кейін ықшам диск қақпағын жабыңыз.
- 4 Ойнатуды бастау үшін ►|| түймесін басыңыз.

Радио тыңдау

- 1 MW/FM қосқышын **MW** немесе **FM** күйіне ауыстырыңыз.
- 2 Оңтайлы қабылдауды тапқанша, **TUNING** дөңгелегін бұраңыз.



Кеңес

- FM қабылдауын жақсарту үшін ең жақсы қабылдауды тапқанша, телескоптық антеннаны ұзартуға, еңкейтуге немесе бұруға болады.
- MW қабылдауын жақсарту үшін, құрылғыны басқа бағытқа бұрыңыз.

Қуатты қосу




Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі өнімнің артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- АТ қуат сымын қосудың алдында барлық басқа қосылымдарды аяқтағаныңызды тексеріңіз.



Ескертпе

- Қуатты үнемдеу үшін: пайдаланудан кейін көз қосқышын **OFF** күйіне ауыстырыңыз.
- 15 минут бойы белсенді емес болса, құрылғы күту режиміне ауысады.



Ойнатуды басқару

Түймелер	Функциялар
VOL	Дыбыс деңгейін реттеу үшін бұраңыз.
■	Ойнатуды тоқтату.
▶	Ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру.
◀◀/▶▶	Алдыңғы/келесі жолды таңдау үшін басыңыз. Жылдам артқа/алға айналдыру үшін басып тұрыңыз.

Ескертпе

- Іздеу жолдың соңына жеткенде ықшам диск тоқтайды.

Ойнату режимдерін таңдау

- 1 Ойнату режимін таңдау үшін **MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - [⏮] (қайталау) – жолды қайталау
 - [⏮ ALL] (барлығын қайталау) - бүкіл ықшам дискіні/бағдарламаны қайталау
 - [⏮] (кездейсоқ) - жолдарды кездейсоқ ретпен ойнату
 - [⏮ ALL] (барлығын кездейсоқ қайталау) - барлық жолдарды кездейсоқ ретпен қайталау.
- 2 Қалыпты ойнатуға оралу үшін ойнату режимінің белгішелері кеткенше, **MODE** түймесін қайталап басыңыз.

Кеңес

- Бағдарламаға енгізілген тректерді ойнатқанда еркін ойнатуды таңдау мүмкін емес.

5 Басқа мүмкіндіктер

Жолдарды бағдарламалау.

20 жолға дейін қажетті ретпен бағдарламалауға болады.

- 1 Тоқтату режимінде ойнату ретін бағдарламалау үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
↳ [**PROG**] және [**P01**] көрсетіледі.
- 2 MP3 ықшам дискілері үшін, - **ALBUM +** түймесін басы, альбомды таңдаңыз.
- 3 Жолды таңдау үшін, ◀◀/▶▶ түймесін басыңыз, одан кейін растау үшін, **PROG** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.
↳ Барлық 20 жол сақталғаннан кейін басқа жолдарды таңдау мүмкін емес және [**FUL**] көрсетіледі.
- 5 Бағдарламаны ойнату үшін, ▶|| түймесін басыңыз.
 - Тоқтату режимінде бағдарламаланған жоларды шолу үшін, **PROG** түймесін басып тұрыңыз.
- 6 Бағдарламаны жою үшін, тоқтату режимінде ■ түймесін басыңыз.
↳ [**CLF**] көрсетіледі.

Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, осы құрылғы арқылы сыртқы аудио құрылғыны тыңдауға болады.

Құлақаспап ұяшығы бар дыбыстық құрылғы үшін:

- 1 Берілген MP3 LINK кабелін келесіге қосыңыз:
 - құрылғының алдындағы **MP3-LINK** ұясына;
 - MP3 ойнатқышындағы құлақаспап ұяшығына.
- 2 MP3 ойнатқышын ойнатуды бастаңыз. (MP3 ойнатқышының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)

6 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Қуат көзі	
- АТ/ТТ қуат адаптері	Үлгі: SEF0800100E1BA Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц, 0,3 А Шығыс: 8,0 В --- 1,0 А 6 x 1,5 В R14/UM2/C CELL батареясы
- Батарея	
Қуатты тұтыну	Белсенді <12 Вт
Қуат шығысы	2 x 1 Вт RMS
Жұмыс температурасының ауқымы	-10 °C - 50 °C 14 °F - 122 °F
Өлшемдері (Е x Б x Қ)	341 x 122 x 236 мм
Салмағы	1,7 кг

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіккеніз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ қуат штепселінің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Батареяларды полярлықтарымен (+/- белгілері) көрсетілгендей салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Ойнатылатын жол үйлесімді пішімде екенін тексеріңіз.

Дискіні ойнату мүмкін емес

- Диск жапсырмасы басылған жағының жоғары қаратып салынған тексеріңіз.
- Дискіні тазалау шүберегімен ортасынан жиегіне қарай тұзу сызықпен сүртіңіз.
- Бұл диск ақаулы болуы мүмкін. Басқа дискіні ойнатыңыз.
- Ықшам диск түпкілікті етілген CD/CD-R/CD-RW екенін тексеріңіз.
- Лазерлік линза таза екенін тексеріңіз.
- Ықшам дискінің авторлық құқықтарды қорғау технологияларымен кодталмағанын тексеріңіз.

8 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын

батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз. Материалды жазу және ойнату келісімді талап етуі мүмкін. 1956 жылғы авторлық құқықтар актісін және 1958 бен 1972 жылдар арасындағы Орындаушыларды қорғау актісін қараңыз.



Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.



Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Бұл құрылғы мына белгілерді қамтиды:



II сыныпты жабдық таңбасы



Бұл таңба осы құрылғыда екі еселік оқшаулау жүйесінің бар екендігін көрсетеді.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.



Specifications are subject to change without notice

2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

